

"Қосылған құн салығының асып кету сомаларының анықтығын растау мақсатында тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану қағидаларын және тәуекел дәрежесінің өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 2 ақпандағы № 118 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 27 қарашадағы № 1028 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 28 қарашада № 17805 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 28 наурызыдағы № 317 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 28.03.2022 № 317 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрық 01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қосылған құн салығының асып кету сомаларының анықтығын растау мақсатында тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану қағидаларын және тәуекел дәрежесінің өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 2 ақпандағы № 118 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16426 болып тіркелген, Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 5 наурызда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қосылған құн салығының асып кету сомаларының анықтығын растау мақсатында тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану қағидалары мен тәуекел дәрежесінің өлшемшарттарында:

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

**"16. Мынадай:**

ҚҚС асып кеткен сомасын қайтарудың оңайлатылған тәртібін қолдануға құқығы бар (осы құқықты қолдануға қарамастан);

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 303 қаулысымен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 1418 қаулысымен бекітілген Республикалық индустримальдыру картасының шеңберінде құны 150 000 000 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен кем емес инвестициялық жобаны іске асыратын;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасасқан жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың шенберінде ҚҚС асып кетуін қайтару туралы талап қойылған салық кезеңінің алдындағы соңғы 5 жылға есептелген, салық жүктемесінің орташа коэффициенті 20 пайыздан кем емес салық төлеушілер бойынша осы Қағидалар олардың тікелей өнім берушілеріне қатысты ғана қолданылады;

Салық кодексінің 722-бабы 1-тармағында көрсетілген өнімді бөлу туралы келісімнің шенберінде теңізде қомірсугеңін барлауды және (немесе) өндіруді жүзеге асыратын;

Еткізу кезінде ҚҚС сомасын есептеу ҚҚС бақылау шотын пайдалана отырып жүргізілген, сатып алынған (алынған) тауарлар бойынша қалыптасқан ҚҚС асып кету сомасы бөлігінде ғана қолданылатын ҚҚС бақылау шоты осы Қағидалар олардың тікелей өнім берушілеріне қатысты ғана қолданылады.

Бұл ретте, осы тармақта көрсетілген салық төлеушілер бойынша өлшемшарттарды пайдалана отырып, бағалаудың нәтижелері бойынша алынған балдардың жиынтық қорытындысы нөлге теңеледі".

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына енгізу және ресми жариялау үшін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінде интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он жұмыс күні ішінде осы тармақтын 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәлеметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми түрде жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

Ә. Смайылов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК